# Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақ-қытай комиссиясының 2000 жылғы 26-27 қазандағы (Қытай Халық Республикасы, Пекин қаласы) 5-мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 22 мамыр N 678

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақ-қытай комиссиясының 2000 жылғы 26-27 қазандағы (Қытай Халық Республикасы, Пекин қаласы) 5-мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары және өзге де мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне кемінде тоқсанында бір рет ақпарат ұсынып отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 22 мамырдағы
N 678 қаулысымен
бекітілген

Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақ-қытай комиссиясының 2000 жылғы 26-27 қазандағы (Қытай Халық Республикасы, Пекин қаласы) 5-мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

----------------------------------------------------------------------

N ! Іс-шара атауы ! Орындалу ! Орындауға жауаптылар

| | | мерзімі | |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Инновациялар саласында | | |
| | Қазақстандық және қытайлық кәсіпорындардың жоғары технологиялық жобалар бойынша ынтымақтастығын көтермелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және қабылдау. | 2001 жылдың III тоқсаны | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 2. | Сауда саласында | | |
| | Қазақстандық фосфорлы тыңайтқыштарды Қытай Халық Республикасына экспортқа шығару мүмкіндігін қарау | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 3. | Мұнай-газ саласы аясында | | |
| | 1) "Ақтөбемұнайгаз" ашық акционерлік қоғамынан (ААҚ) алыс шетелдерге ресейлік мұнай құбырлары жүйесі бойынша Павлодар мұнай өңдеу зауытына 600 мың тонна жеткізу шартымен жылына 1,5 млн. тонна көлемін. дегі мұнай транзиті туралы уағдаластықты іске асыру | 2001 жылдың II тоқсаны | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (ЖАҚ) (келісім бойынша) |

| | | |
|---|---|---|
| 2) Қазақстан-Қытай мұнай құбыры жобасын және Өзен мұнай кен орны туралы келісімді іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру | 2001 жылдың IV тоқсаны | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазТрансОйл" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 4. Кедендік қызмет саласында | | |
| 1) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы кедендік қызметтерінің арасындағы тұрақты ақпарат алмасу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 2) Қытай Халық Республикасымен шекаралас барлық кеден бекеттерінде контрабандаға қарсы күресті күшейту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және басқа құқық қорғау органдарымен осы мәселе бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыру | Тұрақты | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 5. Көлік және шекаралық өткелдер саласында | | |
| 1) Азияаралық теміржол магистралінің Солтүстік дәліз бағыты бойынша демонстрациялық контейнерлік поезды өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 2) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республика. сының арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру және жүзеге асыру | Жылына екі рет | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | |
|---|---|---|
| мәселелері жөнінде тұрақты консультациялар жүргізу | | |
| 3) Көлік және өткізу бекеттерінің мәселелері жөніндегі қазақстан-қытай Кіші комиссиясының 1-мәжілісін өткізу | 2001 жылдың бірінші жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 4) 1993 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Азаматтық авиациясының бас басқармасы өкілдерінің арасында жаңа авиажелілерді ашу мәселесі жөнінде келіссөздер жүргізу | 2001 жылдың бірінші жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 5) Беларусь Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі, Қазақстан Республика. сының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Шығыс-Батыс" халықаралық көлік дәлізі бойынша жолаушылар мен жүк тасымалдарын ұйымдастыру туралы келісім жобасының мәтінін келісу | 2001-2002 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 6) Майқапшағай (Зимұнай) және Көлжат (Дулаты) өткізу бекеттеріне халықаралық | 2001 жылдың III тоқсаны | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің |

| | | |
|---|---|---|
| мәртебе беру жөніндегі мемлекетішілік рәсімдерді аяқтау | | Кеден комитеті |
| 6. Ауыл шаруашылығы саласында | | |
| Мал дәрігерлігі саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімнің жобасын келісу жөніндегі жұмысты жалғастыру және оны қол қоюға дайындау | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 7. 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдерінің жобаларын дайындау: | | |
| Көлік және өткізу бекеттерінің мәселелері жөніндегі қазақстан-қытай Кіші комиссиясын құру туралы | 2001 жылдың III тоқсаны | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| Астана қаласында Комиссияның 6-мәжілісін өткізу туралы | 2002 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 2) Ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-қытай жұмыс тобының қазақстандық бөлігін қалыптастыру және осы топтың бірінші мәжілісін өзара келісілген мерзімде өткізу | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

---------------------------------------------------------------------

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК